



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

обывателя не получится в силу недостаточности средств, но - как и в стиле одежды - создать приемлемые симулякры туризма в состоянии.

У туризма существует ряд проблем, с которыми ему придется столкнуться завтра. В первую очередь это касается формирования имиджа самих туристов. Бесконтрольные образы, строящиеся на стереотипах, способствуют созданию только бесконтрольных негативных шаблонов, которые могут в дальнейшем перейти в практику. Если данным образам предоставить возможность спокойно развиваться и закрепляться в сознании, то недалек тот день, когда страны вынуждены будут договариваться уже не по процессам глобализации, а по разделу мира на туристские зоны, чтобы граждане одной страны не столкнулись с гражданами другой.

Проблемой являются и неустойчивые образы новых направлений для путешествий, которые пока функционируют только в рамках моды и, скорее всего, долго не продержатся. Чаще всего уникальное торговое предложение в современных условиях является искусственно созданным отличием, которое исчезает так же быстро, как и появляется. А это, в свою очередь, заставляет искать новые «товарные» или придумывать несуществующие характеристики. Что свидетельствует о том, что в туризме слабо задействован именно PR, который как раз гарантирует устойчивость предложенного отличия, в перспективе преобразовывающегося в стереотип.

Не менее серьезной проблемой являются уже существующие негативные стереотипы.

В такой ситуации задача PR - изменить негативные установки. Это не значит, что надо придумать нечто, что при ближайшем рассмотрении не будет соответствовать действительности. Нет необходимости обманывать или вводить в заблуждение.

К сожалению, в современных условиях стандарты постепенно «убивают» оригинальность, и PR вместо того, чтобы творить моду, слепо следует за ее изменениями. Искусственно созданная конкуренция между рекламой и PR также не способствует развитию последнего. Однако если более точно определить задачи PR, то все недоразумения исчезнут, и реклама и PR будут только дополнять друг друга, ориентируя людей на получение удовольствия, а не становясь прологом к разочарованию от испорченного долгожданного отдыха.

Список использованных источников

1. Сенин В.С. Организация международного туризма
2. <http://reklama-today.ru/Цели и функции рекламы>
3. Дурович А.П. Реклама в туризме, Учебное пособие. –Минск: Новое знание, 2008г.
4. “Паблик рилейшинз. Связи с общественностью в сфере бизнеса”. –М.: Ассоциация авторов и издателей “ТАНДЕМ”. Издательство ЭКМОС, 1999 г.

ӘОК №504.064.36(574.13)

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сүйіндікова Ақнұр Ертайқызы
Жаксылыкова Айгерим Ержановна
Aknur_suindikova@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ туризм кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Шарапаева

Бүгінгі таңда туризм индустриясынан түскен табыс мұнай өндірісі мен машина жасау өнеркәсібінен кейінгі 3-орында тұр. Сарапшылардың пайымдауынша, 100 мың турист қалада шамамен 2 сағат болған кезде 350 мың АҚШ долларын жұмсайды екен. Туризм әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді [1].

Кезінде бұл туралы бастама көтергендер туризм саласының мамандарын даярлау керектігін алға тартып, Ақтөбедегі жоғары оқу орындарында арнайы факультеттер ашылды. Бірақ қолына жоғары білімі туралы диплом алған түлектердің бәрі бірдей жұмысқа орналаса алмай қалды. Бұл туризм саласы өңірде әлі күнге аяғына нық тұрған жоқ деген сөз. Тұтынушысы жоқ салаға сұраныс та жоқ. Соны қолға алу барсында қазіргі таңда көптеген жұмыстар атқарылуда[2].

Еліміздің жазиралы даласының 300 шаршы шақырым жерін алып жатқан біздің Ақтөбе облысы — туристік әлеуеті бар өңір.

Облыстың басты ерекшелігі — географиялық орналасуы өте ыңғайлы. Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында. Облыс территориясында мәдени, табиғи-тарихи ескерткіштер, әлемнің өзге жерінде кездеспейтін ғажайып дүниелер бар [3].

2013 жылы Ақтөбе облысының туристік картасы мен қаланың туристік карта-схемасы жасалды. Әлеуеті жоғары тамаша жерлер облыстың әр ауданында бар. Бірақ аудандарда туризмді ұйымдастыру жұмыстары әлі қолға алынбай отыр.

Мәселен, Байғанин ауданындағы «Ақбота-Сәңкібай», «Құлшардың шоқысы» аталып кеткен борлы таулар, одан басқа да ұйтастар келушісін «күтіп жүр». Ал Қобда ауданындағы Абат-Байтақ, Қобыланды батыр кесенелерінің даңқы қазір алысқа кетті.

Осыдан 1 млн. жыл бұрын метеорит құлаған Ырғыздағы Жаманшыңды әлі насихаттай алмай келеміз. «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерватына кіретін көлдердің де байлығын базарлай алмай жүрміз. Әйтпесе, бір ғана қоқиқазды көру үшін ғана қаншама адам ағылар еді ғой. Жаманшың мен резерват бір туристік бағытқа айналып отыр.

Әрбір ауданның өз ерекшеліктері, көз тартатын сұлу мекендері бар.

Орманы бар Ойыл, таулы-тасты жер бедерімен ерекшеленетін, Орал, Қарғалы, Жақсы Қарғалы, Мамыт, Кемпірсай, Айтбай, Тораңғыл, Шаншар секілді өзендерге бай, әрі шағын сарқырамасы бар Қарғалы, Сабындыкөл, Ащыкөл, Шіліктікөл, Қамыстыкөл секілді үлкен көлдері бар, ақ қайың, көк терек, мәжнұнтал, қараағаш, итмұрын, долана сыңсып тұрған таулы өлке. Мұғалжар кез келген демалушының «тақиясына тар келмес» еді [4].

Ішкі туризмнің мүмкіндігі

Облысымызда ішкі туризм бұрынғысынша әлі дамып кете алмай жатыр. Мәселен, былтыр туристік қызметтің жалпы көлемінің 7,7 пайызы ғана ішкі туризм үлесіне тиіпті. Өткен жылы тек жарты жылда барлығы 245 турист еліміз өңірлерінің сұлулығын тамашалапты. Оның ішінде 74,3 пайызы іскерлік мақсатпен сапар шексе, қалғандары арқайын демалған. Ақтөбеліктер негізінен Алматы, Сарыағаш және Бурабай курорттары мен санаторийлерінде демалғанды қалайтын болып шықты. Демалушылардың көпшілігі Каспий теңізіне, Бурабай санаторийіне, Түркістанға турфирмалардың қызметіне жүгінбей, өз бетінше бара салады. Яғни, бізде әлі туризм мәдениеті қалыптаспаған әрі халық қалтасына қарай көсілетіні де анық [5].

Сондай-ақ ақылды ағайынның есебінше, Алакөл мен Көлсайға барып демалғанша, Ыстықкөл мен Түркияның демалыс орындарына барып келген әлдеқайда тиімді. Сондықтан қарапайым халық «жақыннан дорбалағаннан» гөрі «алыстан арбалағанды» дұрыс санайды.

Облысымызды күнгейінен теріскейіне қарай және оңды-солды автомагистральдар кесіп өтіп жатыр. Соның ең ірісі — «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» көлік дәлізі. Осы дәліз де біздің аймақты жандандыра түспек. Осы үлкен жобаның аясында жол бойындағы сервис инфрақұрылымын іске қосу керек. Әзірге осыған қатысты 4 инвестициялық жоба түсті. Олар — «Ырғыз керуен сарайы», Елек өзенінің жағалауында «Ақпан» ЖШС ұйымдастырған «Greenland», Ресей шекарасына жақын жерде ұйымдастырылатын «Мәртөк керуен сарайы», Самара-Шымкент жолының қиылысында болуға тиіс «Барыс-62» ЖШС-ның жобасы. Қазір оның алғашқы екеуі «Жедел индустрияны дамыту» мемлекеттік кәсіпорнына ұсынылды.

Тоғыз жолдың торабы

Жалпы, біздің облыстан өтетін теміржол желілері еуразиялық континенттің барлық бағыттарына тартылған. Әлемнің барлық дерлік әуе компаниялары қазіргі заманның сұранысына толық жауап беретін аймақтық аэронавигациялық диспетчерлік орталықтың

қызметін пайдаланады. Заманауи халықаралық «Ақтөбе» әуежайы әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдай алады. Деректерге сүйенсек, былтыр туристердің 85,5 пайызы әуе көлігі қызметтерін пайдаланса, темір жол көлігінің үлесіне 12,4 пайыз ғана тиіпті. Бұл да отандастарымыздың негізінен шетелде демалатындығының көрінісі. Көлік қатынасы, байланыс инфрақұрылымдары да қанағаттанарлық деңгейде. Енді осыны дұрыс пайдалану ғана қалып тұр. Ақтөбелік туристердің бүйрегі шетелге бұрып, әсіресе, 70 пайызы Түркияны таңдағанын өткен жылғы статистикалық деректерден білеміз. Себебі де түсінікті. Барып келушілердің айтуынша, ондағы қонақ үйлер мен жолдамаларға қол жеткізу оңай әрі туристерді визасыз тәртіп пен жолдамалардың арзандығы қызықтырады. Қазір Египет пен Біріккен Араб Әмірліктеріне баратындар саны екі есеге азайып кетіпті. Есесіне, емделу мақсатын көздегендер Израиль мен Ресейге, ал оқу іздегендер Ұлыбританияға көбірек баратын болған. Облыстағы ішкі туризмді дамыту үшін ең әуелі ақтөбеліктерге туризм мәдениетін біліп, ақпараттық-жарнамалық шаралар көбірек өткізілуі тиіс. Әсіресе, жас ұрпақтың санасына отансүйгіштік сезімді сіңіруіміз қажет, олар сонда ғана туған жердің әр тасын, әр гүлін бағалайтын болады.

2013 жылдың бірінші жарты жылдығында туристік фирмалар мен объектілер барлығы 31 673 туристке қызмет көрсеткен. Сол цифрды таратсақ, турфирмалар туристердің 10 пайызын ғана қамтыған, ал қалған 90 пайыз нысандар (мейрамханалар және демалыс аймақтары) үлесіне тиіпті. Осы кезеңде туристік фирмалар (заңды тұлғалар) құны 181,4 млн. теңге болатын 860 жолдама сатқан, 3039 туриске қызмет көрсетілген [6].

P.S. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, әлемдік экспортта туризмнен түсетін пайда үшінші орында тұр. Тіпті елінің экономикалық ахуалын тұтастай туризммен жақсартып отырған мемлекеттер де жетерлік. Британ аралдарындағы Стоунхедж тастарын білмейтін адам кемде-кем шығар.

Ырғыздың «Керуен сарайы»

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» транзиттік дәлізінің өңірімізге әкелер игіліктері туралы сөз ете отырып, облыс әкімі Елеусін Сағындықов: «Болашақта Ырғыз гүлдейді, онда тіпті 5 жұлдызды қонақүйлер салынады!» деген болатын. Сол кезде ертегідей көрінген бұл әңгіме бүгінде нақтылана бастады. Жол бойында тіршілік жанданып, ел автомагистральдың іске қосылатын күнін асыға күтіп жүр.

Екіншіден, бұл жер туристік орталық болуға «сұранып-ақ» тұр. 12 шақырым жерде әлемнің ғалымдарын тамсандырған атақты Жаманшын бар. Әйгілі Бөкенбай шоқысы да таяқ тастам жерде. Нағым Қобыландынды Социалистік Еңбек Ері атандырған топырағы құйқалы Керегешын қол созым жерде тұр. Ақ пен қызылдың ізі қалған Солдатшоқыңыз да талай тарихты бүгіп жатыр. Қабанқұлақтың шыңына шықсаңыз айнала жарқырап көрінеді. Ендеше, алып магистраль іске қосылғанда жолаушылар ат шалдыратын орынның бірі осы болмай ма?!

Айтпақшы, болашақ туристік орталықтың аты да ғажап — «Ырғыздың керуен сарайы». Шалқардан Ырғызға кіріп келе жатқанда 24-25 шақырым жерден «қарсы алатын» бұл нысан, жоба жүзеге асып жатса, күндіз табиғи жарықпен, ал түнде түрлі-түсті шамдармен жарқырап тұрмақ.

«Ырғыздың керуен сарайы» облыстың 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына енген. Демек, шаруа алға жылжи бастады деген сөз. Енді тек қаржы көзі анықталуы тиіс. Жобаны жүзеге асыруға 150 миллион теңге шамасында қаржы керек.

Астана жақтан келіп, жобамен танысқан ағылшын кәсіпкері Бруни да Ырғыздың сұлу табиғатына таңдай қағып кетіпті. Бірақ таңдай қағу инвестиция емес қой...

Шалқар көлі дегенде...

Шалқар өңірі десек, аты айтып тұрғандай, айдын Шалқар көлі есіне түседі. Шалқар тұрғындарының күннің аптап ыстығында демалатын орны — осы көл. Биыл көлге су мол келіп, тұрғындар үшін демалысқа жайлы болып тұр. Ересектен балаға дейін көлдің бұрыннан «Солдатский пляж» атанып кеткен жағажайына барып суға түседі. Солдат жағажайы деп әдемі айтылғанымен, ол жерде қарайған ештеңе де жоқ. Болашақта болмаса, әзірге

катамаран, ескекті қайық, көшпелі кафе, үйшік дегендерді ол жерден көре алмайсың. Тұрғындар мініп келген темір тұлпарларын осы жағаға тізіп қойып, күннің аптап ыстығында көл басында уақыттарын өткізеді. Әрине, бұндай жерге адамдар бос бармай, салқын суларын, басқа да шөл басарларын, күн ыстық болса да тамағын ала барады. Ал марқасын сойып, туған күндерін тойлап, көл жағасында түндерін өткізетіндер де бар. Өттеген-айы, кейбіреулер осылай демалған орнындарын жинауға келгенде өте салақ.

Мінекей, ақындарымыз мөлдірлігін құралайдың көзіне теңеген Шалқар көлінің жағасы қазіргі таңда осындай демалысты «жақсы» ұйымдастыратындардың қалдырған қалдығымен тұмшаланып бара жатқандай...

Қазақты табиғаттың өзі емдеген...

Жаз болса Дубай мен Мальдива асатын ағайындар ақшасы көптіктен асқақтайды ғой, тапқаны шай-пұлына әрең жететін қарапайым қазақ қазір аурухананың өзіне әрең барады. Жыл сайын өзгертін денсаулық сақтау саласының жүйесінен сол саланың өз қызметкерлері де шатасып қалған тәрізді...

«Жазғы демалыс» десе, Алға ауданының екі мекені еске оралады. Біреуі — аудан орталығы — Алға қаласында орналасқан «Шипагер» емдеу-сауықтыру орталығы. Кезінде атағы КСРО-ға танымал химия зауытынан қалған бұл санаторий соңғы жылдары келушілердің ықыласына ерекше бөленіп отыр. Оны осында емделушілердің географиясынан-ақ оңай аңғаруға болады. Алға мен облысымыздың басқа аудандарын былай қойғанда, ар жағы Оңтүстік Қазақстан, бер жағы Атырау, Маңғыстау облысынан келетін демалушылар, яки емалушылар жаз айында, әсіресе, көбейеді. Себебі — Алғаның қасында орналасқан «Алғабастың» балшығы көптеген науқастың дәруі болып саналады. Омыртқа, бел, аяқтың сырқырауы, орталық жүйке жүйесін емдеткісі келгендер «Шипагерге» келеді. Сынық пен отадан кейін де тез оңалуға «Алғабастың» балшығының әсері мол. Балдақпен келіп, балаша жүгіріп кеткендерді де көріп жүрміз. Жасалатын емнің бәрін, жаза берсек жарнама болып кетер, «Шипагер» жарнамасыз да танымал. Ал жаз айларында «Шипагерде» балаларға да орын беріледі.

«Алғабастың» балшығы демекші, сонау зауыт ашылған жылдары Алғада Роисман деген еврей дәрігер жұмыс жасаған. Алғаш рет балшықтың емдік қасиетін осы кісі зерттеген деген сөз бар. Оның қаншалықты рас-өтірігін кім білсін, бірақ алғалық көнекөздердің айтуынша шілденің 12-13 жұлдызында басталып, қырық күнге созылатын, елдің аузында «тұз айы» аталып кеткен маусымда балшықтың маңындағы тұзға келушілер қатары көбейеді.

Тағы бір аталып өтуге лайық демалыс орны — бұрынғы М.Горький, қазіргі Есет батыр Көкіұлы ауылындағы «Красный камень» деп аталатын жер. Есте жоқ ерте замандардың куәсіндей болып, жаңбыр мен желге ерекше бір әдемілікпен мүжілген тастар Мысыр табиғатын елестетеді. Әлгі тастардың фонында суретке түсіп, «Мысыр барып, дем алып келдім» деп талайды алдап соққан қуақы досымыз бар. Бір қызығы бұл жерге, алғалықтардан гөрі ақтөбеліктер көп келеді. Суға түседі, балық аулайды. Ауданға атағы ат үркітетін комиссия келсе де, ұятты меймандар келсе де солай қарай сүйрейтініміз содан...

590 жас туристің стансасы

Балалар туған өлкені сүйіп, кереметтерді сезініп өскені дұрыс. Ол үшін баланы өз елінің тарихы мен салттарын білуге, тануға, сыйлауға тәрбиелеу керек.

Бұл бағытта Ақтөбе қаласының жас туристер стансасы үлкен жұмыс жасап жатыр. Қалалық жас туристер стансасы (ҚЖТС) — мемлекеттік көпбағытты қосымша білім беретін мекеме. Мұнда 9-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге өз жан қалауларына келетін түрлі жұмыс табылады.

Қалалық жас туристер стансасының директоры Екатерина Картанованың айтуынша, стансада барлығы 590 бала «Туризм», «Өлкетану», «Мұражайлық іс» және «Экология» бағыттары бойынша дәріс алады. 15 педагог, оның ішінде, екі жоғары маман иелері, үш І дәрежелі маман-педагог, төрт ІІ дәрежелі маман педагог, алты жас маман жұмыс істейді.

Станса жанында балалар мен жасөспірімдердің демалысын тиімді өткізуге үлес қосатын «Достық» лагері мен жас туристердің қолдауымен «Қысқы бақ» жұмыс жасайды [7].

Қорытындылай келе, біз Ақтөбе өңірінің туризмі әлі де болса дамымай жатқанын байқадық. Ақтөбе қаласының табиғаты өте әсем және туристер үшін бірден бір қолайлы аймақ, бірақ та қазіргі таңда бұл өңірдің туризмі артта қалып жатыр. Қаламыздың көрікті жерлері өте көп және де Ембі таулары мен Елек өзенімен тамаша. Ал облысымызда ішкі туризмнің даму деңгейі қарқынды түрде өтіп жатыр. Мүмкін өзіңіз де теледидар және газет беттерінен байқаған шығарсыз, облысымыздың туристік мүмкіншілігін кең көлемде әйгілеу және туристік назарына жеткізу мақсатында облыстық әкімшілік пен туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан Байғанин, Мәртөк, Қарғалы, Мұғалжар, Қобда, Ырғыз т.б. аудандарына жарнамалық-ақпараттық турлар өткізілді. Бұл турлардың негізгі мақсаты кенже қалған ішкі туризмді дамыту мен өңірлік туристік операторларға қалыптасқан түрөнімдерін жүзеге асыруда мемлекеттік қолдау көрсету. Аймақтағы туризмді дамыту талдамасы соңғы жылдары Ақтөбе облысында белгілі туристік имидждің құрылғанын көрсетті, ол Алматы және Астана қалаларында өткен халықаралық туристік көрмелердің қатысушылары облыстың туристік потенциалына қызығушылық білдіруде, сондай-ақ көптеген туристік бизнес субъектілерін тартатын дәстүрге айналған.

Ақтөбе облысы архитектура ескерткіштеріне бай. Мұнда жергілікті ескерткіштер тобы, ұлттық архитектура және монументалды глиптика орналасқан. Олардың ішінде Доңызтауға ерекше орын бөлінген (солтүстік Чинк Үстірті). Ескерткіш күйдірілген кірпіштен жасалынған.

Ембі даласының ескерткіштері Даумшар, Қарасақал, Асан қожа сияқты ірі некропольдерінде жиналған.

Біздің ойымызша, Ақтөбе өңірі ең әсем де танымал туристік нысанға айналмақ, сесебі бұл өңірінің мүмкіндіктері өте көп.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облыстық қоғамдық – саяси газет. 4 сәуір, 2013 жыл
2. www.info-tour.kz
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том
4. «Ақтөбе облысы» энциклопедиясы / Бас редактор М. Қ. Тажибаев – «Ақтөбе облысы» энциклопедиясы, 623 бет
5. www.stat.gov.kz
6. www.visitkazakhstan.kz
7. www.massaget.kz

УДК.348.8.2

«ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі: туризмді дамытудағы маңызы, экономикалық тиімділігі

Талғатбекова Д.Д., Шадібек А.Н.

belle_97@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, туризм кафедрасының студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Д.Жеңісхан

Қазақстан Республикасы Еуразия материгінің дәл ортасында орналасқан екі дүние бөлігін қамтитындығымен және пайдалы қазбалар қорына бай мемлекет ретінде өзіндік дәрежеде ерекшелігі бар. Мемлекеттің ары қарайғы экономикалық дамуына маңызды әсер ететін маңызды іс-шараның бірі - «ЭКСПО-2017» көрмесі. Қазақстанда өткізілетін ЕХРО көрмесі мемлекетті әлемге әйгілі және дүние жүзіне танымал ететін көрме болып табылады. 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беруі нәтижесінде ЕХРО-2017 халықаралық